

Тұрақты даму жолында

Ақмола облыстық мәслихатының төрағасы Бейбіт Жүсіпов Қазақстан Республикасында орнықты даму саласындағы ұлттық мақсаттар мен міндеттердің іске асырылуын мониторингілеу жөніндегі парламенттік комиссияның кеңейтілген отырысында сөз сөйледі.

«Орталық Азияның орнықты дамуы: парламенттер мен жергілікті өкілді органдардың рөлі» тақырыбындағы іс-шара Астана Парламент Сенатының төрағасы Мәулен Әшімбаевтың, ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Нұрлан Байбазаровтың, Орталық Азия мемлекеттері: Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан, Түрікменстан өкілдерінің, сондай-ақ БҰҰДБ-ның Қазақстандағы кеңсесінің қатысуымен өтті.

Қатысушылар мемлекеттердің парламентаралықтықтастығы, орнықты даму мақсаттарын Орталық Азия елдерінің заңнамасына интеграциялау мәселелерін, мәслихаттардың белгіленген мақсаттар мен міндеттерді іске асырудағы рөлін талқылады.

Бейбіт Жүсіпов өз сөзінде өңірде тұрақты даму мақсаттарын іске асыру бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстарға шолу жасады. Ақмола облысы пилоттық болып таңдалғаны атап өтілді. Облыс әкімінің өкімімен тұрақты даму мақсаттарын дамыту жөніндегі жұмыс тобы құрылды, оған барлық мүдделі атқарушы және өкілді органдардың, аумақтық бөлімшелердің, азаматтық қоғамның басшылары енгізілді.

«Облыс мәслихаттары барлық жұмыс процестеріне белсенді түрде енгізілді. Жергілікті өкілді органдар ретінде олар нақты өңірлердегі азаматтардың өмірін жақсартуға бағытталған нормативтік актілерді қабылдайды, жергілікті жерлерде әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламаларына ТДМ интеграциялануы үшін жағдай жасайды, білім саласына, инфрақұрылымға, ауыл шаруашылығына, креативті экономикаға байланысты жобаларды қаржыландыруды қамтитын бюджеттерді бекіту бойынша жұмыс істейді», – деп атап өтті Б.Жүсіпов.

Ол Буланды, Егіндікөл, Қорғалжын, Ерейментау, Зеренді, Астрахан аудандарында, Степногорск қаласында тірек ауылдарды тұрақты дамыту, аграрлық әлеует, ет кластерінің архитектурасын құру, сумен қамтамасыз ету, креативті индустрияларды дамыту, халықтың қатысу бюджетін тиімді іске асыру, білім беру сапасын арттыру бойынша жобаның жекелеген бағыттарын іске асыру туралы айтып

берді.

«Тиімді мәслихаттар» атты он алтыншы мақсатқа қатысты жобаны іске асыру туралы айта отырып, Бейбіт Айтымұлы жергілікті өкілді органдарды жан-жақты нығайтудың маңыздылығын атап өтті. Бұл депутаттар жұмысының тиімділігін және жергілікті өзін-өзі басқару органдарына халықтың сенім деңгейін арттыруға қызмет етеді деді мәслихат төрағасы.

Ақмола облыстық мәслихатының баспасөз қызметі.

* * *

На пути к устойчивому развитию

Председатель Ақмолинского областного маслихата Бейбит Жусупов выступил на расширенном заседании Парламентской комиссии по мониторингу реализации национальных целей и

Маулена Ашимбаева, заместителя Премьер-министра – министра Цациональной экономики РК Нурлана Байбазарова, представителяй центральноазиатских государств: Кыргызстана, Таджикистана, Узбекистана, Туркменистана, а также офиса ПРООН в Казахстане.

Участники обсудили вопросы межпарламентского сотрудничества государств, интеграции целей устойчивого развития в законодательство стран Центральной Азии, роль маслихатов в реализации обозначенных целей и задач.

Бейбит Жусупов в своем выступлении сделал обзор проводимой в регионе работы по реализации целей устойчивого развития. Отмечено, что Ақмолинская область выбрана пилотной. Распоряжением акима области создана рабочая группа по развитию Целей устойчивого развития, в которую включены руководители всех заинтересованных исполнительных и представительных органов, территориальных подразделений, гражданского общества.

«Маслихаты области активно включены во все рабочие процессы. Как местные представительные органы они принимают нормативные акты, направленные на улучшение жизни граждан в конкретных регионах, создавая условия для интеграции ЦУР в программы социально-экономического развития на местах, работают над утверждением бюджетов, включающих финансирование проектов, связанных с образованием, инфраструктурой, сельским хозяйством, креативной экономикой», – подчеркнул Б. Жусупов.

Он рассказал о реализации отдельных направлений проекта в Буландынском, Егіндықольском, Қорғалжынском, Ерейментауском, Зерендинском, Астраханском районах, городе Степногорске по устойчивому развитию опорных сел, аграрного потенциала, построению архитектуры мясного кластера, водообеспечению, развитию креативных индустрий, эффективной реализации бюджета народного участия, повышению качества образования.

Говоря о реализации проекта, касающегося шестнадцатой цели – «Эффективные маслихаты», Бейбит Айтымович отметил важность всестороннего укрепления местных представительных органов, с акцентом на инновации и улучшение административных процессов, что послужит повышению эффективности работы депутатов и уровня доверия населения к органам местного самоуправления.

Пресс-служба Ақмолинского областного маслихата.



задач в области устойчивого развития в Республике Казахстан.

Мероприятие на тему «Устойчивое развитие Центральной Азии: роль Парламентов и местных представительных органов» состоялось в Астане с участием председателя Сената Парламента

том на инновации и улучшение административных процессов, что послужит повышению эффективности работы депутатов и уровня доверия населения к органам местного самоуправления.

Многогранность, которая привела к большим достижениям

Стремление к новшеству и продуктивная работа, постоянное совершенствование навыков, познание новых граней науки, непрерывный обмен опытом. Ее трудовой путь вовсе не был усыпан розами, к высоким результатам на трудовом поприще и несомненному авторитету привели профессионализм, ответственность, четкая, словно часовой механизм, дисциплина и умение устанавливать взаимосвязь с людьми. Сегодня, когда она подошла к новой главе своей жизни, достигнув особенного мудрого возраста, опыт прошлых лет, все достижения, большие и маленькие победы, поддержка коллектива и коллег из других сфер являются ее главным жизненным достоянием. Сегодняшний рассказ о руководителе Буландынского районного Управления санитарно-эпидемиологического контроля, профессионале своего дела, требовательном руководителе, мудром наставнике, человеке с активной гражданской позицией и, несомненно, всесторонней и харизматичной личности, прекрасной женщине, матери и бабушке Даметкен Ибрашевне Мухаметжановой.

рождения – ей исполнился 61 год. По традиционному календарю казахского народа этот возраст в народе называют «мүшел жас». А в соответствии с действующим законодательством РК в этом возрасте представительницы прекрасно пола выходят на заслуженный отдых.

Даметкен Ибрашевна – уроженка уютного, зеленого города Арал Аральского района Кызылординской области. Получив воспитание в большой и дружной семье и, окончив школу, юная аралчанка поехала в Караганду – поступать в медицинский ВУЗ. Студенческие годы пролетели быстро. Обладание высокими коммуникативными способностями, умение адаптироваться в любых условиях, стойкий характер и необычайная энергетика позволили ей стать одной из успешных выпускниц Карагандинского государственного медицинского института, который она окончила в 1988 году.

Трудовую деятельность Даметкен Ибрашевна начала в этом же году, в августе: в Кокшетауской областной санитарно-эпидемиологической станции, в качестве врача-лаборанта по гигиене труда санитарно-гигиенической лаборатории.

В апреле 2002 года в жизни героини нашего повествования начался новый этап – работа в периферии. В это время она была назначена на должность главного врача Жаксынкой районной санитарно-эпидемиологической станции. Шло время, нарабатывался опыт, как

профессиональный, так и житейский. Много преобразований происходило в отечественной системе санитарной службы, но руководитель всегда шла в ногу со временем, постоянно совершенствовала знания, применяла в работе новые форматы, становясь для молодого поколения работников сферы примером и образцом.

В апреле 2007 года Даметкен Ибрашевна приехала в Буландынский район и возглавила санитарную службу района. За плечами почти двадцатилетний трудовой стаж, опыт руководящей работы – рабочие задачи ставились четко, планы нужно было выполнять качественно и в срок. Благодаря грамотному управлению санитарная служба района стабильно держится на лидирующих позициях по всем показателям. И это не просто слова, а реальная работа, которая никогда не простила промахов и ошибок, требовала выдержки, терпения, ответственности и колоссального усердия. Не секрет, что огромный опыт привнесла в санитарную жизнь страны пандемия коронавируса. Это было время настоящей проверки на прочность, мужество и профессионализм. Большая работа была проведена по организации блок постов и организации питания на блок постах. При этом, никогда не оставалась без внимания и текущая рутинная работа. Много внимания всегда уделяется вопросам иммунопрофилактики.

Даметкен Мухаметжанова - Отличник здравоохранения, неоднократно награждалась грамотами МЗ РК и акима района, стипендиат международной премии «Болашақ», имеет медаль «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 20 жыл». Принимала участие в ликвидации последствий бедствия в г. Арысь. В прошлом году была награждена государственной наградой – медалью «Денсаулық сақтау ісіне қосқан үлесі үшін» Министерства здравоохранения РК.

Это очень сильная и мудрая женщина-руководитель. Не останавливается перед трудностями: возникающими по работе и по жизни. В тяжелое время карантина ее можно было видеть везде: на блок посту в 12 часов ночи, при поступлении предполагаемого больного по коронавирусной инфекции - в 3 и в 5 утра в районной больнице. Ее всегда отличали профессиональная интуиция, умение принимать взвешенные и нужные решения в самый ответственный момент. Несмотря на постоянную занятость, она всегда находит время поддержать коллег, дать им верный совет, принимает участие в районных мероприятиях и общественных инициативах.

Душевной отрадой и огромной мотивацией радоваться жизни является, конечно, ее семья: сын Азиз, дочь Индира, шестеро внучат. Дети живут в столице, в получили образование, создали семьи. Мама была и остается главной их



поддержкой и опорой, благодаря которой они выросли, сформировались как достойные личности, получив благополучие во взрослую жизнь.

Завершить рассказ о прекрасной женщине, Даметкен Мухаметжановой, внесшей большой вклад в социально-экономическое развитие района и системе здравоохранения, хотелось бы пожеланиями крепкого здоровья, семейного благополучия, личного счастья и добра. И, конечно, успехов в нелегком труде, который будет продолжен. Пусть будет еще много поводов для красивых повествований, приятных встреч, радостных эмоций за успехи детей и внуков, а жизненный путь долгим и интересным!

А. АМАНЖОЛОВА.

ТӘУЕЛСІЗДІК – МӘҢГІЛІК ЕЛ МҰРАТЫ

Ұстаздың ұлағатты жолы

Ауданымыздағы ардагер ұстаз, спорт шебері, республикалық дәрежедегі төреші Хасихан Ахметұлы атындағы араға жыл салып өтіп келе жатқан волейбол ашық турнирі биыл Тәуелсіздік күніне арналып, жалауын көтерді. Астана, Көкшетау, Степногорск қалаларынан келген азулы командалар өзара сынға түсті. Байрақты бәсекеңің салтанатты ашылуында әнұранымыз әуелеп, жарыстың шарты түсіндірілгеннен кейін Хасихан Ахметұлы құттықтау сөз сөйлеп, командаларға сәттілік тіледі. Сондай-ақ, Хасихан атаның үзеңгілес достары Байболат Бүткей, волейбол спортының шебері Әжеке Мамидолла өз ізгі тілектерін білдірді. Сондай-ақ бұл күні тек волейбол емес ақыл-ой спорты саналатын шахматтан да жарыс өтті. Волейболдан Астандан келген «Бөкентау 1», «Бөкентау 2» командаларының ойындары көрерменнің ерекше ықыласына бөленді. Ауданымыздың намысын қорғаған «Отбасы» командасы да жақсы ойын өрнегін көрсетті. Команданың «Отбасы» атануы да тегін емес. Бұл – Хасихан атаның жолы қуған балалары, немерелерінен құралған команда. Тартысты өткен жарыс нәтижесі бойынша «Бөкентау 2» командасы 1-орын иегерлері атанса, 2-орынды «Бөкентау 1» иеленді. 3-орын Стпеногорск командасына бұйырса, 4-орынды Көкшетау командасы еншіледі. Жеңімпаздар ақшалай сыйлықтар, алғыс хаттар және кубоктармен марапатталды. Сондай-ақ, «Үздік ойыншы», «Үздік шабуылшы», «Үздік қорғаушы» номинациялары бойынша арнайы сыйлықтар табысталды.

Шахмат жарысы да тартысқа толы болды. Жарыс Швецариялық жүйе бойын-

ша алты турдан тұрды. Шахмат жарысында Швецариялық жүйенің бір ерекшелігі ойыншы жеңген сайын ұпайы тең мықты қарсыластар жолығып отырады. Шахмат жарысында Болатбек Текен, Байболат Бүткей, Александр Кондратьев үздіктер қатарынан көрінді.

Жалпы Хасихан атаның жанұясын ауданымызда «Ұстаздар отбасы» деп таниды. Әке жолын қуған балалары білім саласында еселі еңбек етіп келеді. Хасихан атаның жеке өмір дерегіне тоқталсақ: 1935 жылы 12 желтоқсанда Монғолия Халық Республикасының Баян-Өлгей қаласында дүниеге келген. Сол қалада 10 жылдық мектепті бітіргеннен кейін, 1959 жылы Улаанбаатор қаласындағы мұғалімдер институтының дене шынықтыру және спорт факультетіне түсіп, 1963 жылы дене шынықтыру пәні мұғалімі біліктілігі бойынша үздік дипломға бітірді. 1963 жылдан бастап Баян-Өлгей қаласындағы бірінші онжылдыққа дене шынықтыру пәні мұғалімі болып жұмысқа орналасты. 1971 жылдан бастап аталмыш мектепте тәрбие ісі бойынша орынбасары, партия қызметінде бас хатшы, 1981 жылдан бастап мектеп директоры, 1984 жылы Баян-Өлгей қаласындағы «Спорт және туризм комитетінде» басшылық қызмет атқарды. 1986 жылы Москва қаласында білім жетілдіру курсына, халық шаруашылығы жетістіктері көрмесіне Монғолиядан барған өкілдіктің құрамында барды. 1986 жылдан 1993 жылға дейін спорт комитетінде басшылықта қызмет

етті. 1988 жылы аймақтық депутат болды. Оқу - ағарту, аймақтық спорттық іс-шараларды дамытуда нәтижелі қызмет етті. Әсіресе волейбол спортының дамуына ерекше үлес қосты. Волейбол спорты бойынша Монғолия Халық Республикасының спорт шебері, республика деңгейде судья болды. Баян-Өлгей аймағының құрметті азаматы. Монғолия Халық Республикасында 30 жыл қызмет еткенде қызмет бабында алыс, жақын шетелдерге барып, жұмыс тәжірибесімен алмасқан білікті, тәжірибелі маман болды. 1993 жылы тамыз айында Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданы, Суаткөл ауылына қоныс аударды. 1999 жылы Бұланды ауданы Макинск қаласына көшіп келді. Отбасында 6 бала тәрбиелеп, ұлын ұсына, қызын қиясына қондырды. Жары Қулиза Сейтжағыпар өнер саласында қызмет етті. Баян-Өлгей қаласындағы музыка, би, драма театрында еңбек етті. Балалары бүгінгі күні ата-ана жолын жалғастырып, оқу-ағарту саласында еңбек етуде.

З. ЖАЙНАРБЕК.



Тәуелсіздік – ел тұғыры

1991 жылы 16 желтоқсанда еліміз әлем картасында дербес мемлекет ретінде өз орнын алды. Бұл күн – халқымыздың ғасырлар бойы армандаған тәуелсіздігіне қол жеткізген ұлы күн болып тарихқа енді. Еліміздің тәуелсіздікке қол жеткізуі біздің ұлт ретінде қайта жаңғыруымыздың, өзіміздің болмысымызды сақтап, дүниеге танытуымыздың негізі болды.

Қазақстан үшін тәуелсіздік – ең қастерлі, ең құнды ұғым. Бұл тек саяси еркіндік қана емес, халықтың ғасырлар бойғы арманының орындалуы, ұлттың тарихындағы ең елеулі оқиға. Тәуелсіздік – біздің еркіндігіміз, болашағымыз, ұлт болып сақталуымыз үшін жасалған маңызды қадам.

Қазақстанның тәуелсіздігіне қол жеткізу үшін халқымыз қилы ауыр жолдан өтті. Тарих беттерінде қазақтың сан ғасырлық күресі мен төккен қаны жатыр. Ұлттың азаттығы мен тәуелсіздігін аңсаған бабаларымыздың жолында көптеген қиыншылықтар мен сынақтар кездесті. Келер ұрпақ үшін, дәл бүгінгі күн үшін қазағымыздың көрмегені аз болмады. Бабалар қанымен бізге сый болған ұлы тәуелсіздік біздің мәдениетіміз бен тіліміздің, салт-дәстүріміз бен рухани байлығымыздың сақталуы мен дамуының

кепілі болып табылады.

Тәуелсіздік алу – халықтың мұратының орындалуы. Ол бір сәтте емес, ғасырлар бойы қалыптасқан ұлы арманның жемісі. Біздің ел үшін тәуелсіздік алу тек сыртқы күштерден тәуелсіз болу ғана емес, сонымен қатар өз мәдениетімізді, тілімізді, дәстүрімізді сақтап қалу және дамыту мүмкіндігі болды. Біз бүгінгі күні өзіміздің тарихымызды, мәдениетімізді, дәстүрімізді жан-жақты айқындап, оларды әлемге танытуда үлкен жетістіктерге жетіп отырмыз.

Тәуелсіздікке қол жеткізген соң, Қазақстан әлем алдында өзін дербес ел ретінде танытып, халықаралық аренада көптеген шыңдарды бағындырды. Елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайы жақсарып, мемлекет алдында жаңа мүмкіндіктер ашылды. Бүгінгі күні Қазақстан әртүрлі мемлекеттермен ынтымақтастық орнатып, бейбітшілік пен қауіпсіздік жолында өз үлесін қосып отырған тәуелсіз, зайырлы мемлекет.

Қазақстанның тәуелсіздігі – біздің болашағымыздың жарқын болуына негіз боларлық үлкен күш. Мемлекетіміздің әрбір азаматы тәуелсіздіктің мәнін терең түсініп, оны нығайту үшін өзінің күш-жігерін аямай еңбек етуі керек.

Еліміздің тәуелсіздігіне 33 жыл толған тұста біз тек өткенімізді еске алып қана қоймай, болашаққа деген үміт пен сенімділігімізді арттырамыз. Осы ұлы күнді атап өту барысында еліміздің көпұлтты халқының бірлігі мен ынтымағы ерекше маңызға ие.

Қазақстан тәуелсіздік алған сәттен бастап елдің көпұлтты халқының бірлігі мен ынтымағының маңызы артып келеді. Осы орайда, ауданымыздың «Тілдерді оқыту орталығында» ұлы мерекені атап өту мақсатымен еліміздегі ұлттар арасындағы өзара достықты нығайтуға бағытталған «Тәуелсіз ел Қазақстан» атты дөңгелек үстел өткізілді. Дөңгелек үстелге әртүрлі ұлт өкілдері қатысып, еліміздің тәуелсіздігі жайында ой бөлісті, болашаққа деген сенімдері мен үміттерін білдірді. Іс-шараның мақсаты Қазақстанның көпұлтты қоғамындағы мәдениеттердің өзара сыйластығын нығайтып, әрбір азаматтың тәуелсіздіктің құндылығын терең түсінуіне ықпал ету болды. Әрбір қатысушы өз ұлтының тілін, мәдениетін сақтай отырып, ортақ бір мақсат – тәуелсіз, бейбіт және дамыған Қазақстанды құру жолында еңбек ететінін атап өтті.

Сондай-ақ, «Ел аңсаған тәуелсіздік» тақырыбында өткен эссе сайысы да тыңдаушылардың тәуелсіздікке деген көзқарасын көрсетудің маңызды алаңы болды. Авторлар өз шығармаларында елдің тәуелсіздігін, оның халық үшін қаншалықты құнды екендігін, тәуелсіздік жолындағы тарихи кезеңдер мен ұлы тұлғаларды еске ала отырып, өз елінің болашағы үшін қандай жауапкершілік арқалап жүргенін ой елегінен өткізді. Үздік авторлар мақтау қағаздарымен және сыйлықтармен марапатталды.

Ә. АЗАТҚЫЗЫ, «Тілдерді оқыту орталығы» КММ оқытушысы.

Қажырлы еңбекке – лайықты марапат



Әлішер Жәнібекұлы Кенжеғалиевтің басқаруындағы аудандық мәдениет үйі халықты өрелі өнерімен сусындатып, рухани байлықты толықтыруда және игі дәстүрді жалғастыруда жемісті еңбек етіп келеді. Ауданымыздың өнері мен мәдениетіне сүбелі үлес қосып, киелі өнер жолында Бұланды өңірін елге танытып биік тұғырдан көрініп жүрген мәдениет қызметкерлерінің еңбегі елеулі. Осынау көзге көріне қоймайтын, бірақ қызығы мен шығығы көп мәдениет саласын басқарып, өнер ұжымын бір кісідей ұйыстырып көшбасшы болып жүрген Әлішер Жәнібекұлының еңбегі талай мәрте еленіп облыстық, республикалық марапаттарға ие болуда. Соның бір айғағы мәслихаттың құрылғанына 30 жыл толуына орай Әлішер Жәнібекұлы «Қазақстан Мәслихаттарына 30 жыл» медалімен марапатталса, қарамағындағы өнер майталмандары аккомпаниатор, өңдеуші, әнші, сазгер Жансейіт Түкібаев пен «Виртуоз» халық цирк студиясының жетекшісі Руслан Литовченко Астана қаласында Тәуелсіздік күніне орай Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты бағдарламалық мақаласын қоғамға кеңінен насихаттау мақсатында өткізілген мерекелік жиында Қазақстан Республикасының әлеуметтік және экономикалық дамуына қосқан елеулі үлесі мен мінсіз адал қызметі үшін «ҚР Құрметті қайраткері» орденімен наградталды. Осылайша Бұланды аудандық мәдениет үйінің өнерпаздары Тәуелсіздік күнін еселі еңбектерімен, жемісті жетістіктерімен қарсы алды, алдағы уақытта да мәдениет қызметкерлеріне өнерде шығармашылық табыс тілейміз.

А. БЕЙСЕКЕЕВ.

Тәуелсіздік – басты байлығымыз



16 желтоқсан – Тәуелсіздік күніне арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес, Модельдік балалар кітапханасының оқушылары мектеп-гимназияның 5а сынып оқушылары «Мәңгілік жаса, қыран елім Қазақстаным» атты зияткерлік-патриоттық сағатына қатысты. Мақсаты: оқушыларға Тәуелсіздік туралы терең мағлұмат беру. Ата-бабаларымыздың тәуелсіздік жолындағы ерлігін үлгі етіп, өз Отанын сүюге, еліне, халқына қызмет етуге тәрбиелеу. Іс-шара барысында оқушылар Қазақстан Республикасының әнұранын орындады. Оқушылар екі топқа бөлініп «Тарих білгірлері» тақырыбында викторинаға қатысты. Викторинада балаларға еліміздің Тәуелсіздігінің қалыптасу кезеңдерінен сұрақтар қойылып, слайдпен және «Қазақстан Тәуелсіздігінің тарихи кезеңдері» атты бейнероликпен сүйемелденіп отырды. Шараға «Тәуелсіздік тұрақтылықтың кепілі» атты кітап көрмесі ұйымдастырылып әдебиеттік шолу жасалынды. Оқушылар өте белсенді қатысып, білімдерін көрсетті.

А. КАПИЗИНА, Модельдік балалар кітапханасының аға-маманы.



АУДАН ТЫНЫСЫ – ПУЛЬС РАЙОНА

Халық сенімін арқалау – жауапты міндет

Аудандық мәслихаттың төрағасы, 7 сайлау округінің депутаты Нұрбек Сексенов халықпен кездесу өткізіп, оған Макинск қаласының әкімі және аудандық полиция бөлімінің қызметкері де шақырылды.

Іс-шара барысында тұрғындар 7 сайлау округінің маңызды өзекті мәселелері бойынша сұрақтар қойып, өз пікірлері мен ұсыныстарын айтып түсініктеме алды.

Айта кету керек, бірқатар проблемалық мәселелер назарға алынып, олар бойынша депутаттық сауалдар жолданатын болады.

Сондай-ақ, қала әкімі жалпы



Макинск қаласы бойынша атқарылған және алда орындалатын жұмыстар туралы айтып, округ бойынша бірқатар жобаларды атап өтті.

Аудандық мәслихат аппараты.

Доверие народа – ответственная задача

Председатель районного маслихата, депутат 7 избирательного округа Нурбек Сексенов провел встречу с населением, на которую также был приглашен аким города Макинска Молдағали Кеженев и сотрудник районного отдела полиции.

В ходе встречи жители смогли задать вопросы, высказать свои мнения и предложения по важным актуальным вопросам данного округа, на которые были даны разъяснения. Стоит отметить, что ряд проблемных вопросов был принят во внимание и по ним будут направлены депутатские запросы.

Также аким города рассказал о проделанной и предстоящей работе по городу Макинску в целом, отметив проектов по данному участку.



Аппарат районного маслихата.

Аудандық мәслихаттың депутаттары мен аудан тұрғындарының назарына

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына сәйкес, 2024 жылғы 24 желтоқсанда сағат 10.00-де Бұланды аудандық мәслихатының сегізінші шақырылымының кезекті сессиясы шақырылады.

Сессияның қарауына келесі сұрақтар шығарылады:

- 1) 2025-2027 жылдардағы аудан бюджеті туралы;
- 2) Бұланды ауданы бойынша отбасы-гендерлік саясаттың іске асырылуы туралы;
- 3) 2024 жылға арналған аудандық мәслихат қызметі туралы төраға есебі.

Н. СЕКСЕНОВ, Бұланды аудандық мәслихатының төрағасы.

К сведению депутатов районного маслихата и населения района

В соответствии со статьей 10 Закона Республики Казахстан «О государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», 24 декабря 2024 года в 10.00 часов созывается внеочередная сессия Буландынского районного маслихата восьмого созыва.

На рассмотрение сессии выносятся следующие вопросы:

- 1) О бюджете района на 2025-2027 годы;
- 2) О реализации семейно-гендерной политики Буландынского района;
- 3) Отчет председателя о деятельности районного маслихата за 2024 год.

Н. СЕКСЕНОВ, председатель Буландынского районного маслихата.

«Пиротехника» жеделалдын алу іс-шарасы

Бұланды ауданының аумағында 2024 жылғы 5 желтоқсаннан 2025 жылғы 3 қаңтарға дейін қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында ТЖД өртке қарсы қызмет бөлімшелерімен бірлесіп «Пиротехника» жеделалдын алу іс-шарасы өткізілуде. Іс-шараның мақсаты - жеке және заңды тұлғалардың жаңа жылдық мерекелер кезінде пиротехникалық заттар мен бұйымдардың белгіленген ережелерін сақтауын бақылау және қауіпсіздік шарларын сақтау. Елді мекендерде және арнайы белгіленбеген жерлерде пиротехникалық бұйымдарды Қолданғаны үшін ҚР заңнамасына сәйкес ҚР ӘКБТК-нің 436-бабына сәйкес әкімшілік жауапкершілік көзделген. Азаматтық пиротехникалық заттар мен оларды қолдана отырып жасалған бұйымдарды сақтау, есепке алу, пайдалану, тасымалдау, сауда жасау, жою, әкелу, әкету тәртібін бұзғаны үшін ҚР ӘКБТК-нің 483-бабы көзделген. Сондай-ақ, тауарлармен немесе өзге де заттармен заңсыз сауда жасау тәртібін бұзған адамдар ҚР ӘКБТК-нің 196-бабының талаптарына сәйкес жауапқа тартылатын болады.

Бұланды АПБ.

Отанды сүйеге және ерлікке баулу

Жеңіске жеткен қатысушыларды құттықтаймыз!

Аудандық білім бөлімі.



Тәуелсіздік күніне орай Макинск қаласының жалпы орта білім беретін №2 мектебінде аудан мектептері арасында әскери-эстафеталық ойын өтті. Мерекелік іс-шараның басты мақсаты - балаларға патриоттық тәрбие беру, Отанды сүйеге және ерлікке баулу.

Жарыс қорытындысы бойынша: 1 орынды Макинск қаласы жалпы орта білім беретін №1 мектебі, Макинск қаласының жалпы орта білім беретін №2 мектебі 2-орынды, ал Макинск қаласының мектеп-лицейі 3 орынды иеленді.



В духе казахстанского патриотизма

Ко Дню Независимости РК среди учащихся школ района в Макинской общеобразовательной школы №2 прошла военно-спортивная эстафета. Основная цель мероприятия – воспитание подрастающего поколения в духе казахстанского патриотизма, любви к Родине, а также формирование командного духа.

По итогам конкурса 1 место заняла «Общеобразовательная средняя школа №1 г. Макинска, 2 место - Общеобразовательная школа №2 г. Макинска, 3 место - школа-лицей г. Макинска.

Поздравляем команды с победой!

Районный отдел образования.

Оперативно-профилактическое мероприятие «Пиротехника»

На территории Буландынского района с 5 декабря 2024 года по 3 января 2025 года в целях обеспечения общественной безопасности совместно с подразделениями противопожарной службы ДЧС проводится оперативно-профилактическое мероприятие «Пиротехника». Цель отработки - безопасность и контроль за соблюдением физическими и юридическими лицами установленных правил обращения пиротехнических веществ и изделий с их применением в период новогодних праздников. За применение пиротехнических изделий в населенных пунктах и в не отведенных для этого местах, в соответствии с законодательством РК предусмотрена административная ответственность согласно статье 436 КоАП РК. За нарушение порядка хранения, учета, использования, транспортировки, торговли, уничтожения, ввоза, вывоза гражданских пиротехнических веществ и изделий с их применением предусмотрена статья 483 КоАП РК. А также лица, уличенные в нарушении порядка незаконной торговли товарами или иными предметами, будут привлечены к ответственности согласно требованиям статьи 196 КоАП РК.

Буландынский РОП.

«Борышкер!» жедел профилактикалық іс-шарасы

Көліктегі полициясы департаментінің Көкшетау станциясындағы Желілік полиция бөлімі қызмет көрсетілетін учаскесінде 2024 жылғы 17-20 желтоқсан аралығында «Борышкер!» жедел профилактикалық іс-шарасы өтті. ЖПШ негізгі мақсаты - әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алу және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша қаулылардың, жеке сот орындаушылары мен бұқаралық ақпарат құралдарының өңірлік палатасымен бірлесіп уақтылы өндіріп алу бөлігінде айыппұлдар төлеу қажеттігі туралы нұсқамалардың орындалуын бақылауды қамтамасыз ету.

Е. МАЛҒАЖДАРОВ, Көкшетау ст. ЖПБ ӘПБ бастығы, полиция майоры.

Оперативно-профилактическое мероприятие «Борышкер!»

На обслуживаемом участке Линейного отдела полиции на станции Кокшетау Департамента полиции на транспорте в период с 17 по 20 декабря 2024 года проведено оперативно-профилактическое мероприятие «Борышкер!». Основная цель ОПМ - профилактика административных правонарушений и обеспечения контроля за исполнением постановлений по делам об административных правонарушениях, предписаний о необходимости уплаты штрафов в части своевременного взыскания совместно с Региональной палатой частных судебных исполнителей и средств массовой информации.

Е. МАЛҒАЖДАРОВ, начальник ОАП ЛОП на ст Кокшетау, майор полиции.

Түзету

2024 жылғы 13 желтоқсанда «Бұланды ақпарат» газетінің № 50 санында жарияланған «Қоғамдық тыңдауларда» қоғамдық тыңдауларды өткізу күні дұрыс көрсетілмеген.

Екінші абзацта жаңа редакцияда: «Тыңдаулар 23.01.2025 сағат 11.00-де» деп жазылсын. Әрі қарай мәтін бойынша.

Поправка

В «Общественных слушаниях», опубликованных 13.12.2024 года в газете «Bulandy Aqparat» за № 50, неверно указана дата проведения общественных слушаний.

Во втором абзаце, в новой редакции следует читать: «Слушания состоятся 23.01.2025 года в 11.00 часов». Далее по тексту.

БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚ - АДАМИ КАПИТАЛ – ГЛАВНОЕ ДОСТОЯНИЕ - ЧЕЛОВЕЧЕСКИЙ КАПИТАЛ

Лыжный марафон, посвященный государственному празднику

На лыжной базе г. Макинска прошел лыжный марафон, посвященный государственному празднику – Дню Независимости Республики Казахстан. Организовал и провел его районный отдел культуры, развития языков, физической культуры и спорта в лице руководителя отдела С. Шортаева. Серик Толеутаевич начал спортивный праздник со слов приветствия, поздравил участников с государственным праздником, пожелал крепкого здоровья, спортивного азарта, призвав к регулярным занятиям спортом, так как активный образ жизни является неотъемлемой частью жизни

любого современного человека.

Следует отметить, что лыжная база в районном центре имеет большую и славную историю. На базе тренировались буландыские спортсмены, занимали высокие позиции в лыжном спорте. Поэтому важно пропагандировать данный вид спорта среди населения, привлекать людей к занятиям зимними видами.

Такие мероприятия, как состоявшийся на днях марафон, способствуют развитию, совершенствованию, пропаганде и популяризации лыжных гонок в районе; повышают роль физической куль-

туры и спорта во всестороннем и гармоничном развитии личности путем занятия лыжными гонками; укрепляют позиции и повышают престиж лыжных гонок как массового и доступного вида спорта.

В день проведения марафона погода выдалась благоприятной. Лес в красивом, сказочном зимнем убранстве завораживал взор, а аромат зимнего леса создавал ощущение умиротворения, чистоты и свежести, олицетворяя гармонию человека с природой. В целом, спортивные мероприятия на свежем воздухе очень позитивны, прививают людям навыки здорового образа жизни. К тому же, происходит объединение специалистов из разных сфер: любители спорта обмениваются полезным опытом, расширяется круг лиц, увлекающихся лыжами, ведь спорт обладает высоким мотивирующими и объединяющим людей фактором.

Приятные погодные условия во время проведения марафона, несомненно, подняли настроение и спортивный дух участникам лыжного забега, участники проявили прекрасные спортивные способности. Лучшие были награждены дипломами и медалями.



Обладателями призовых мест лыжного марафона стали: среди женщин: 1 место разделили - советник акима района по работе с лицами с инвалидностью и социально-уязвимыми слоями населения Балкадиша Омарова и секретарь приемной районного маслихата Сагыныш Садыкова; 2 место заняла руководитель аппарата районного маслихата Бибигуль Сыздыкова; 3 место - главный специалист районного отдела внутренней политики Айгерим Насиболла. Среди мужчин: 1 место занял главный специалист организационно-контрольного отдела аппарата акима района Бауржан Садуов, 2 место – Нурбол Абушахман, 3 место – Арман Осалиев.

А. АМАНЖОЛОВА.



Нәзік жанды полиция қызметкері



Полиция қызметі кәсібилікті, табандылықты, қайсарлықты талап ететін ауыр сала. Осы салада ерлермен қатар ауыр жүкті арқалап еңбек етіп жүрген қыз-келіншектер аз емес, солардың бірі - Буланды аудандық полиция бөлімінің кеңсе технигі, полиция кіші сержанты Ризагүл Ризабекқызы Ахметова.

Полиция қызметкерлерінің міндеттерінің бірі құқық бұзушылықтың, қылмыстың алдын алу, қоғамдық тәртіпті сақтау болып табылады. Ризагүл Ризабекқызы осы саладағы қызметтердің қиындықтарына мойымай, төзімділік танытып, өзіне жүктелген міндеттерді жауапкершілікпен атқаруда және тәртіп сақшылары қатарында жұмыс жасап жатқанына еш өкінбейді.

- Мен осы қызметімді атқарып жүрген жолымнан ешқашан тайынған емеспін,

менің жұмысым қиындық пен қауіпке толы болса да, мен өз жұмысымды жақсы көремін және жұмыста қол жеткізген жетістіктермен тоқтап қалмай, алға ұмтыламын, - дейді Ризагүл. Ата-анасының жалғыз, отбасының мақтанышы.

- Қызымыз барлық кедергілерді жеңіп, көздеген мақсатына жететініне сенеміз және оны мақтан тұтамыз, - дейді Ризагүлдің ата-анасы.

Ризагүл Ризабекқызын аталып өткен Тәуелсіздік күнімен шын жүректен құттықтаймыз, шынайы көңілден шыққан ең ізгі тілектерімізді жолдаймыз. Сізге мол береке, бақыт, шаттық, деніңізге саулық, көтеріңкі көңіл-күй тілейміз. Жылдан-жылға табиғаттың тамаша мерзімі-көктемдей құлпырып, жасара беріңіз!

Буланды АПБ.

Основа работы – документирование граждан

Каждый человек, выбирая будущую профессию, надеется добиться больших результатов в службе и стать профессионалом своего дела. Это касается и представительниц прекрасной половины человечества, они всегда стремятся быть лучшими, и как показывает практика, делают это весьма успешно. Ярким примером того, что женщина может прекрасно освоить профессию и зарекомендовать себя, как высококлассный специалист, является Индира Кабиденова - инспектор группы миграционной службы, отдела полиции Буландынского района.

Как рассказывает Индира, чем больше она вникала в тонкости своей работы, тем больше ей это нравилось.

- Мне нравится общаться с гражданами, оказывать помощь в документировании. За то время, что я работаю, я совершенно точно поняла одно: самое главное любить то, чем занимаешься. Тогда все получается с легкостью. Я счастливый человек, потому что на моем пути попались настоящие профессионалы, которые меня учили. Благодаря им, их опыту, я смогла постичь тонкости работы.

Ведь, зачастую от правильного ориентира зависит успех всей работы, - считает лейтенант полиции Индира Кабиденова.

Вместе с тем она добавила, то самой большой радостью и наградой за труд является благодарность тех, кому ты сумел помочь, подчеркнув, что самое главное для нее это довольные граждане, которые обращались за помощью и получили ее. Кроме того, наша героиня убеждена, что каждый человек, особенно если он является представителем правоохранительных органов, должен быть чутким, внимательным, отзывчивым и открытым. За период службы ответственность, честность и стремление делать на «отлично» все, за что она берется, позволили Индире заслужить уважение своих коллег и руководства. Трудолюбие, сильный характер и желание стать лучшей в своем деле, помогают практически достичь совершенства. Также коллеги отмечают, что она всегда готова прийти на помощь

и никогда не откажет в совете. Поздравляя прекрасную сотрудницу отдела полиции с прошедшим государственным праздником – Днем Независимости страны, хотим пожелать коллеге продвижения по карьерной лестнице и успешной службы.

Районный отдел полиции.



В основе имиджа госслужащего – профессионализм, нравственность и этика

Коррупция - это проблема, которая касается всех стран, независимо от их статуса и уровня развития. Система государственной службы на сегодняшний день предусматривает эффективные механизмы противодействия коррупции. Уровень экономики и жизни людей напрямую зависит от результата работы этих механизмов.

Противодействие включает в себя три базовых стратегии: профилактику коррупционности системы государственной службы; борьбу с коррупционными правонарушениями; ликвидацию последствий коррупционных действий.

По своему содержанию профилактика - это совокупность мероприятий предупредительного воздействия, цель которых заключается в предотвращении появления новых форм коррупции. Важную роль играет и предупреждение формирования совокупности причин и условий, которые способствуют развитию этого явления.

Также одной из угроз подрыва авторитета государственной службы является лудомания. Это разрушительная зависимость, приносящая азартные игры в центр жизни человека, подрывающая его социальные, профессиональные, материальные и семейные ценности. Всемирная организация здравоохранения определяет это расстройство как «патологическое влечение к азартным играм». Это пагубное заболевание, основанное на навязчивой потребности в азартных играх, становится все более актуальной проблемой в нашем обществе. В последние годы наблюдается тревожное увеличение случаев среди государственных служащих, что вызывает особую озабоченность. Госслужащие, поддавшиеся азарту, сталкиваются не только с личными проблемами, но и с серьезными последствиями для своей работы и обязанностями перед обществом. Однако наибольшую угрозу лудомания представляет в виде негативных психологических и финансовых последствий для самих служащих и их семей.

В соответствии с этим Законом были внесены изменения в Закон «Об игорном бизнесе», согласно которым государственные служащие, военнослужащие, сотрудники специальных и правоохранительных органов, руководители бюджетных организаций лишаются права участвовать в азартных играх и пари.

Госслужащий должен быть образцом поведения для общества. И важная задача - разъяснять, поддерживать и пропагандировать философию честного труда.

Хотелось бы призвать всех государственных служащих следовать этическим нормам и сопротивляться неправомерным действиям. Важным принципом нравственного сознания сотрудников государственной службы является принцип законности, следование которому не только служебная обязанность, но и моральный долг. В деятельности государственных служащих необходимо культивировать уважение к закону, а сама законность должна восприниматься как высшая культурная ценность.

К. ИСМАГАМБЕТОВА, уполномоченная по этике аппарата акима Буландынского района.

РЕДАКЦИЯ ПОШТАСЫНАН – ИЗ ПОЧТЫ РЕДАКЦИИ

Халықаралық жүлде ауданымызда!

«Виртуоз» халықтық цирк студиясы Астана қаласында өткен «Танцуй Всей Душой» атты хореографиялық өнердің халықаралық байқауына белсене қатысты.

Өнерлі өрге жүзер дегендей, тамаша өнер көрсете білген ұжым 2 Гран-при жүлдесін және 3 бірінші орынды жеңіл алды.

Атап айтқанда: ерекше жанрда «Веселые скакалки» композициясы – Гран-при; «Воздушное кольцо» - Гран-при; 7-9 кіші жас аралығындағы Максим Шлегель және Андрей Шлегель атты қатысушылар ерекше жанрдағы дуэтте өнер көрсетіп 1 орынды иеленді; 13-15 жас аралығындағы қатысушы Ксения Шакирьянова көрерменге цирк өнерін жеке түрде паш етіп, «Эквилибр на столе» атты композициясымен 1 орынға ие болды; сондай-ақ, 13-15 жас аралығындағы қатысушы Дамеля Тлеукунова ерекше жанрда «Воздушное полотно» нөмірімен 1 орынды қоржынына байлады.

Цирк - ерекше өнер. Ептілік пен күштілікті талап етеді. Мұнда қызмет ететіндер де - ерекше жандар. Күн сайын қаншама қиындықпен бетпебет келеді. Ендеше, халықаралық деңгейде өнер көрсетіп, жүлделі орындарға ие болған жерлестерімізді жетістіктерімен құттықтап, алдағы өнер жолында толағай табыстар тілейміз!

А. БЕЙСЕКЕЕВ.



Символ казахстанской культуры

В городской библиотеке №1 прошёл час искусства, посвящённый легендарной казахстанской оперной певице Бибикуль Тулегеновой. Мероприятие было направлено на ознакомление подрастающего поколения с жизнью и творчеством выдающейся певицы, ставшей настоящим символом казахстанской культуры.

В ходе встречи присутствующие узнали о творческом пути Бибикуль Ахметовны - от её первых шагов на музыкальной сцене до признания на международном уровне. Особое внимание было уделено заслугам и достижениям великой певицы, её значительному вкладу в развитие оперного искусства и популяризацию казахской музыки.



«Легендарная певица - Бибикуль Тулегенова»

Ребята познакомились с яркими моментами её жизни и важнейшими выступлениями, которые стали частью культурного наследия страны.

Час искусства прошёл в тёплой и познавательной атмосфере, вызвав большой интерес у участников.

К. БАБАН, библиотекарь городской библиотеки №1 Буландынской ЦБС.

Патриотизм начинается со знания истории

